

## ЗЕЙНОЛЛА ЖАҢАБАЕВ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Ұлттық университет. Бұл - биік ұғым. Биік қана емес, қасиетті ұғым. Ұлттық университет дегенде, әдетте, кісінің көкейінде жоғары білімді маман даярлайтын оқу орны туралы түсінік тұрады. Қателік жоқ, дұрыс түсінік. Бірақ жоғары білімді маман даярлайтын оқу орны көп: қалада да, ауылда да бар. Олардың бірі мемлекеттік кәсіпорын болса, бірі - жекеменшіктегі оқу орны. Ал әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті солардың бәрінен бөлек: биік қана емес, ұлы. Биік, ұлы ғана емес, қасиетті. Биік, ұлы, қасиетті ғана емес, құтты. Оның биіктігі мен ұлылығы, қасиеттілігі мен құттылығы білімінде, қоғамның, халықтың интеллектуалдық қуатын сақтау, дамыту құзреттілігінде. Осы ретте менің ұстазым, академик-жазушы, профессор Зейнолла Қабдоловтың өзі оқып, білім алған және мінберінде елдің өсер өркені үшін жарты ғасырдан астам толассыз дәріс оқыған Қазақ ұлттық университеті туралы айтқан мына бір сөзі ойға оралады: «Университет – адамдар зердесінде ұшқын атып, жалын шашып, мәңгілік маздап тұрған Прометей оты».

Бүгінде дала да, қала да жап-жарық. Күндіз-түні бірдей от жанып тұр. От іздеген, жарық іздеген адамға бұдан артық не керек. Алайда жарықтық Зекең айтқан Прометей отының жарығы да, жолы жолы мен жөні де бөлек. Ол дала мен қалада күндіз-түні бірдей жанып тұратын немесе табан жолға түсетін шамның жарығы емес. Ол жанды, жүректі нұрландыратын оттың жарығы. Жанды, жүректі нұрландыратын оттың жарығы Жаратқанның жарық күнінің жарығынан кем болмайды. Жанына, жүрегіне жарық түспеген адам ашық күннің астында жүрсе де қараңғы қалпынан жазбайды. Жанды, жүректі нұрландыратын оттың жарығын кісі ұлттық университеттен алады. Ал ұлттық университеттің оты мен жарығы десек, білім мен ғылымның оты, білім мен ғылымның жарығы дегеніміз. Білім мен ғылымның жарығы десек, есте сол білім мен ғылымның қайнап шығар бастау-көзі оқытушы-профессорлар, ұлттық университеттің оқытушы-профессор ғұламалары тұрады. Білім алушы ұлттық университеттен алған білім мен ғылым жарығын қолына ұстап кетпейді, жанына, жүрегіне құйып, сөйтіп өзі де университеттен от болып жанып, өз жарығын жағып шығады. Ұлттық университеттің құтты құзіреті мен құдіретті қасиеті осында.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім алып, университет қабырғасынан осыдан жарты ғасырдай бұрын өзі де от болып жанып, өз жарығын жағып шыққан талантты жастардың бірі Жаңабаев Зейнулла Жаңабайұлы еді. Жүрегінде оты, жанында жарығы бар жас маманды ұстаздары ұлттық университеттің аспирантурасына алып қалды. Аспирантураны ойдағыдай бітірген жас ғалым 1968 жылы профессор С.И. Исатаевтың жетекшілігімен эксперименттік аэродинамика және жылу физикасы бойынша физика-математика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін

жазып шыққан диссертациясын сәтті қорғады. Осыдан кейін Зейнулла Жаңабайұлының жоғары мектептегі ұстаздық және ғылыми қызметі қатар жалғасты. 1995 жылы физика-математика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін «Гидродинамикалық турбуленттіліктің бейсызық физикалық қасиеттері» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады. Оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, декан, ғылыми-зерттеу институтының бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. Қазіргі шақта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің өзінің ұсынысы бойынша ашылған және өзі меңгеруші болған бейсызық физика және электроника кафедрасында профессор, бейсызық физика лабораториясының меңгерушісі қызметтерін атқаруда.

Зейнулла Жаңабайұлы - ғылымда үлкен теориялық нәтижелерге қол жеткізген ірі ғалым. Физика-математика ғылымдары саласында теориялық мәселелерді зерттеген және зерттейтін ғалымдар шоғыры сиреген емес. Олардың қатарында іргелі теориялық мәселелерді шешіп, отандық ғылымның дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдар бар. Зейнулла Жаңабайұлы - осы топтағы көрнекті ғалымдардың бірі. Сөйте тұра Зекеннің өз әріптестерінен айтарлықтай өзгешелігі де бар. Оның мәнісі ғалымның жаңалық ашып қана қоймай, теория жасауға да мүмкіншілігінің барында: а) құрылымдық турбуленттілік теориясын жасады; ә) өзаффинді фракталдар теориясын жасады; б) фазалық жүйеде басқарылатын радиотехникалық динамикалық хаос генераторының теориясын жасады; в) бейсызық физика және синергетика шегінде елімізде жаңа ғылыми бағыттың қалыптасып, дамуына қол жеткізді; г) кейінгі он бес жыл бойында «Бейсызық жүйелердегі хаос және құрылым: теория мен тәжірибе» атты тұрақты жұмыс жасайтын халықаралық конференцияға ғылыми жетекшілік және басшылық жасап, осы бағытта ғылыми мектеп қалыптастырды.

Физика-математика ғылымдары саласында теориялық іргелі мәселелерді шешудің маңызы зор, ал жаңа теория жасаудың маңызы одан да жоғары. Бірақ бұл физик ғалымдардың бәрісінің емес, ірісінің ғана қолынан келеді. Зейнулла Жаңабайұлы физика-математика ғылымдары бойынша жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижелері негізінде іргелі теориялық мәселелерді де шешті, жаңа теориялар да жасады. Бұл толассыз ізденісті, ерен еңбекті және жылдардан жылдарға жалғасқан уақытты талап ететінінде сөз жоқ. Ғалым теориялық, әлеуметтік маңызы зор іргелі ғылыми-зерттеу бағыттарында толассыз ізденді, ерен еңбек етті, таңнан таңға, жылдан жылға ұласқан жарты ғасырға жуық дәурен осылай өте шықты.

Ғылым нәтижелерін әлеуметтік өмірдің түрлі салаларында пайдаланудың, пайдаға жаратудың маңызы өлшеусіз жоғары. Бірқатар зерттеулердің нәтижелері есепте болғанмен, іске аспай, пайдалануға жарамай қалатыны рас. Мұның басты үш себебі белгілі: а) зерттеу нәтижесі іске алғысыз, пайдалануға жарамсыз; ә) зерттеу нәтижесін пайдалануға дайындауға зерттеушінің мүмкіншілігі жетпейді; б) іргелі ғылыми-зерттеумен айналысатын ғалымдардың көпшілігі өз зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізуге дайындауға, ыңғайлауға уақыт таппайды. Зейнулла Жаңабайұлында бұл аталғандардың үшеуі де жоқ. Ол өз зерттеулерінің нәтижелерін, әсіресе, өзі жасаған теорияларды іс жүзінде пайдаланудың

технологияларын жасауға, сөйтіп оларды пайдаға асыруға аса зор көңіл бөле отырып, бұл бағытта да елеулі жетістіктерге жетті. Негізгі корреляциялық, спектрлік заңдылықтарды сипаттайтын төрт типті құйындардың аналитикалық өрнектерін дифференциалдық айналмалы координат жүйесінде табуда өзі жасаған құрылымдық турбуленттілік теориясын пайдаланды. Өзаффинді фракталдар теориясын сорғы ағындардағы турбуленттіліктің заңдылықтарын ашу ісінде және электрогидравликалық қопарылысты сипаттауға қолданды. Ал фазалық жүйеде басқарылатын радиотехникалық динамикалық хаос генераторының теориясын ақпаратты қорғау ісінде және сымсыз сенсорлы байланыстарды жүзеге асыруда қолданудың үлгісін іс жүзінде көрсетті. Ашық жүйелердегі өзқауым процестердің ақпараттық-энтропиялық шарттары туралы теориясын гидродинамика, жылу физикасы, радиофизика және электроника, астрофизика, қатты денелер физикасы, элеуметтік жүйелер теориясы секілді ғылым салаларында өндіріске енгізді. Ғалымның зертеулерінің нәтижелерінің бірқатары наноэлектроникада, телекоммуникацияда, биофизикада, т.б. қолданылуда.

Ғалым өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері негізінде 2 монография, 12 оқу құралын, 300 мақала жариялады, ашқан ғылыми жаңалықтары бойынша 4 патент алды. Еліміздің оқу-ағарту ісінің үздігі, О.А. Жәутіков атындағы республикалық физика-математика мектебінің аға мұғалімі Тынтаева Шира Байбекқызымен бірге физиканы оқытудың мазмұны мен технологиясын ұдайы жақсарту ісін синергетика қағидалары негізінде жүзеге асырудың ғылыми негізін жасады. Ол «Физиканы оқытудың теориясы және әдістемесі» атты монографиялық еңбек түрінде жарыққа шықты. Еңбектері Ресейде, Ұлыбританияда, Жапонияда, Америкада жарық көрді және жоғары бағаланды.

Зейнулла Жаңабайұлының ғылыми және ұстаздық қызметі жоғары білікті ғалым-педагог мамандар даярлауда біртұтас сипат алып, білім өндіру және білім беру ісінің бүгінгі күнгі озық технологияларының биігінде келісім тапты. Бұл ретте жеке тұлғаға, оның болашақ кәсіби құзіреттілігінің қалыптасуына бағытталған педагогикалық ұстаным ғылыми жоба жүргізу ісімен сабақтасты да, болашақ маман алған теориялық білімін өмірде, нақты кәсіби қызметте лайықты пайдалануға машықтанды. Ұстаз осы технология талаптарына сай жиырмадан астам жоғары білікті ғалым-педагог мамандар тәрбиелеп өсірді, солардың ішінде 4 ғылым докторын халықаралық бағдарлама жүйесінде даярлады.

Профессордың ғылымда үлкен жетістіктерге жетуінің жұмбағы жоқ, бірақ жұмбаққа бергісіз шындығы бар. Біріншіден, ол өз саласы бойынша әлемнің әйгілі ғалымдарымен, халықаралық ғылыми басылымдармен тығыз қарам-қатынаста болды. Турбуленттілік теориясы бойынша жетістіктерін әлем мойындаған М.А. Гольдштикпен, өзқауым теориясының білгірі, Нобель сыйлығының иегері И. Пригожинмен, ашық жүйелердің статистикалық теориясының майталман маманы Ю.Л. Климонтовичпен пікірлес болды. PhD бағдарламасы аясында профессор В.Ю. Тимошенкомен (МГУ), электрондық жүйелердегі синхронизация теориясы бойынша профессор М. Розенблюммен (Подстам университеті), бифрукция теориясы бойынша профессор М. Закспен

(Гумбольд университеті), нейродинамика теориясы бойынша профессор А. Нейманмен (Огайо университеті) бірлесе жұмыс істеді. Екіншіден, зерттеу жұмыстарының нәтижелерін пайдаға асыруды, іске жаратуды өзінің ғылыми ізденістерінің айнамас мақсаты деп білді. Үшіншіден, ғылыми-педагогикалық еңбекті дүниедегі мансап, лауазым біткеннің бәрінен артық көрді...

Көрнекті ғалым, көреген ұстаз профессор Зейнулла Жаңабайұлы ұлттық университеттің жақсысын асырды, ұлттық білім беру ісінің жаңаруына, дамуына үлкен еңбек сіңірді, ұлттық ғылым көкжиегін кеңейтуге зор үлес қосты.

Зекең бүгінде жұбайы Шира Байбекқызымен бірге үш ұлынан көрген жеті немересінің ортасында қызық көріп отыр. Жасы - жетпісінде, көзі - немерелерінде, көңілі - ғылымында.

2012